




НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА

# БЖЗҚ зейнетақы активтерін басқару туралы ақпарат


Мамыр 2022ж.

# Зейнетақы активтерінің портфелі

01.05.2022 ж. портфель құрылымы



Зейнетақы активтері




Шоғырландыру аяқталған сәттен бастап кезең үшін **(2014 жылғы сәуір):**

- БЖЗҚ зейнетақы активтерінің портфелі 4,0 трлн.-нан **12,9 трлн. теңгеге** дейін өсті
- Зейнетақы активтерінің валюталық үлесі 17%-дан **32%-ға** дейін ұлғайды
- Активтердің сыныптары бойынша валюталық портфельді **мақсатты үлестіру** белгіленіп, **шетелдік компаниялар** зейнетақы активтерінің бір бөлігін басқаруға жұмылдырылды


# Валюталық портфельдің мақсатты аллокациясы

Субпортфель	Нысаналы мәні	Шекті ауытқу	Эталондық индекс құрамы
Дамыған елдердің облигациялары (ҰБ)	30%	±10%	«AA-» төмен емес рейтингі бар дамыған елдердің МБҚ
Дамушы елдердің облигациялары (шетелдік басқарушы, ҰБ)	25%	±10%	«BB-» төмен емес рейтингі бар дамушы елдердің МБҚ
Корпоративтік облигациялар (шетелдік басқарушы)	20%	±10%	Корпоративтік эмитенттердің "BBB-" төмен емес рейтингі бар АҚШ долларындағы облигациялары
Акциялар (шетелдік басқарушы)	25%	-17%/10%	MSCI World Index жаһандық индексіне кіретін акциялар
Өтімділік портфелі (ҰБ)	0%	+40%	
<b>Барлығы:</b>	<b>100%</b>		

01.05.2022 ж. валюта портфелі




Мақсатты бөлу



# Зейнетақы активтерін инвестициялау

## Зейнетақы жинақтарын алу көлемі (өспелі қорытындымен)



2021 жылы және 2022 жылдың бірінші тоқсанында БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялау мерзімінен бұрын БЗТ алумен шектелді және **ҚР Ұлттық қорын басқару жөніндегі Кеңес** мақұлдаған бағыттар шеңберінде **нарықтық жағдайда** келесідей жүзеге асырылды:

- **2021** жылы ҚР Қаржы министрлігі шығарған, орташа алынған кірістілігі жылдық 10,8% болатын **318,5 млрд. теңгеге** ҚР Мемлекеттік бағалы қағаздары, сондай-ақ орташа алынған кірістілігі жылдық **12,2%** болатын **52,1 млрд. теңгеге** ЕДБ облигациялары сатып алынды;
- **2022** жылдың алғашқы 4 айында ҚР Қаржы министрлігі шығарған, орташа алынған кірістілігі жылдық **12,3%** құрайтын, **374,9 млрд.теңге** сомасына ҚР Мемлекеттік бағалы қағаздары сатып алынды.


# Зейнетақы активтерін сыртқы басқаруға беру

БЖЗҚ инвестициялық декларациясы белгілеген валюталық портфельді мақсатты стратегиялық бөлу аясында шетелдік басқарушы компанияларға 3,02 млрд АҚШ доллары берілді, оның ішінде жаһандық акциялардың мандаттары бойынша – 1,3 млрд АҚШ доллары, дамушы елдердің облигациялары – 220 млн АҚШ доллары және инвестициялық деңгейдегі корпоративтік облигациялар-1,5 млрд АҚШ доллары.

## 2022 жылғы 1 мамырға арналған мандаттар мен сыртқы басқарушылар бөлінісінде басқарудағы берілген активтердің көлемі

<i>млн. АҚШ доллары</i>		
<b>Сыртқы басқарушы</b>	<b>Мандат</b>	<b>Көлем</b>
HSBC	<b>Жаһандық акциялар</b>	400,0
Robeco		200,0
BlackRock (USA)		200,0
BlackRock (UK)		250,0
UBS		250,0
<b>Барлығы</b>		<b>1 300,0</b>
Aviva Investors	<b>Дамушы нарықтардың мемлекеттік облигациялары</b>	220,0
<b>Барлығы</b>		<b>220,0</b>
PGIM	<b>Корпоративтік облигациялар</b>	750,0
Principal		750,0
<b>Барлығы</b>		<b>1 500,0</b>
<b>Сыртқы басқарудағы жалпы көлем</b>		<b>3 020,0</b>

## Зейнетақы активтерінің табыстылығы



- 2014 жылдан бастап 2021 жылға дейінгі кезеңде зейнетақы активтерінің **жинақталған табыстылығы** жинақталған инфляция **83,5%** болғанда **109,4%** құрайды (нақты табыстылық **25,9%**).
- Зейнетақы активтерінің **орташа жылдық табыстылығы бес жыл ішінде инфляция 6,7%** болғанда **9,5%**, инфляция **7,1%** болғанда үш жыл ішінде **9,5%** - болды.